








Қыркүйек айында учаскелік полиция инспекторы А.Ахметалинмен 6-11 сыныптар аралығында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қазан айында учаскелік полиция инспекторы А.Ахметалинмен аралығында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстың алдын алу, оған қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеу бойынша 7-11 сыныптар аралығында сауалнама алынды.



6-7 сыныптарда “Заң және тәртіп” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



Мақсаты: құқықтық тәртіп ұғымдарын түсіндіру; жауапкершіліктің, әділдіктің, адалдықтың, қоғамдағы құрметтің маңыздылығын талқылау; Оқушылар видеоролик тамашалап, топтық және жеке жұмыстар жүргізді.

Өткізген: сынып жетекшісі Келдібай А.С





8- сынып оқушыларына “Заң және Тәртіп” атты сынып сағаты өткізілді. Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат беру; өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету; құқықтық білімдерін толықтыру. Сабақ барысында оқушыларға жаңа ақпарат берілді. “Заң соңынан ермесек не болады ?” деген сұраққа эссе жазып , талқыланды

Өткізген: Тұғырова Г







Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы және балалардың заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту мақсатында "Заң және тәртіп" тақырыбында 10-класта сынып сағаты өтті.




Оқушыларға балалар құқығы туралы білімдерін толықтыра отырып, өмірдегі кездесетін келеңсіз жағдайлармен таныстырып, олардың алдын алу, болдырма мақсатында 11 сыныпта "Заң және тәртіп" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.




Өткізген сынып жетекшісі: А.Н.Аймуханбетова




Құқық бұзушылықтың алдын- алу мақсатында түнгі рейд ұйымдастырылды.



Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларына «Закладка» деректі фильмі көрсетілді.






Еңбекту ЖОББ мектебінде 9-11 сынып ер балаларына кәметке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында А.Ахметалинмен кездесу өтті.




9-11 сынып оқушылары арасында "Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге Әйтеке би аудандық ПБ ЖПҚБ бастығы полиция подполковнигі Қ.Серікбайұлы және Әйтеке би аудандық ПБ ЖПҚБ-нің УПИ -ы полиция майоры А.Н.Ахметалин қатысты.



“Сен өз құқығыңды білесің бе?” тақырыбында 6-8 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 15 оқушы қатысты. Нәтижесінде анықталғандай оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін білетіндігіне , өз ойларын ашық айтуға құқылы екендеріне көзіміз жетті.



«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында 8,10 –сынып оқушыларына ақпаратты сабақ өтті. Мақсаты: Құқықтық тәртіп ұғымын және оның қоғамдағы маңызын түсіндіру. Әлеуметтік медиа контекстінде адалдық, әділдік және тәртіп қағидаларын талқылау.



Еңбекту ЖОББМ

«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»

